



БҰЙРЫҚ

04.03.2025 №

Астана қаласы

ПРИКАЗ

19 №

город Астана

Тыйым салынған тағамдарды сатпау туралы

Астана қаласының Білім басқармасының 2025 жылдың 26 ақпандағы №107-01-12/354 хатын және "Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 бұйрығының 4-параграфының 177-179 тармақтарын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

Мектептің тамақтану объектісінде:

1) мыналарды:

катық, сүзбе, айранды;

туралған ет қосылған құймақтарды;

флотша макаронды;

зельцтер, форшмактар, сілікпелер, паштеттерді;

кремі бар кондитерлік өнімдерді;

тұтыну қаптамасындағы кондитерлік өнімдер мен тәттілерді (шоколад, кәмпит, печенье, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда және балалар үйлерінде – қалуа, мармелад, пастила);

морстар, квастарды;

фритюрде қуырылған өнімдерді;

шала пісірілген жұмыртқа, қуырылған жұмыртқаны;

күрделі (төрт компоненттен артық) салаттарды, қаймақ пен майонез қосылған салаттарды;

окрошканы;

саңырауқұлақтарды;

өнеркәсіптік емес дайындалған (үйде дайындалған) тамақ өнімдерін;

тез дайындалатын құрғақ тағамдық концентраттар негізіндегі бірінші және екінші тағамдарды;

газдалған, емдік және емдік-асханалық минералдық суды, тәтті алкогольсіз сусындарды, алкогольсіз энергетикалық (сергітетін) сусындарды, диффузиялық қойылтылған шырындарды (қаптамаланған минералды және ауыз суды қоспағанда);

фаст-фудтар: гамбургерлер, ход-догтар, пиццалар, наггетстер, чипсілер (чипсондар), дәмдік қоспалары бар тұздалған қытырлақ нанды;

ащы тұздықтар, кетчуптар, ащы дәмдеуіштерді (бұрыш, ақшелкек, қыша) дайындауға және өткізуге;

2) мыналарды:

тізбесі тамақ өнімдерінің жекелеген түрлеріне қолланылатын. 021/2011

регламенттерінде айқындалған тамақ өнімін; осы Санитариялық қағидалардың 97-тармағында көрсетілген тамақ өнімін, пастерленбеген сүтті, термиялық өңделмеген сүзбені және қаймақты, йодталмаған тұзды және құрамында темір бар дәрумендермен, миниралдармен байытылмаған (фортификацияланбаған) жоғары және бірінші сұрыпты бидай ұнын пайдалануға **ЖОЛ БЕРІЛМЕСІН.**

Сондай-ақ мектепте тамақ өнімдерін автоматты түрде өткізуге арналған аппараттарды орнатуға және жаппай сауықтыру рәсімі ретінде оттегі коктейльдерін өткізуге **РҰҚСАТ ЕТІЛМЕСІН.**

Балалардың тыйым салынған өнімдермен улану жағдайларының алдын алу және болдырмау үшін шаралар қабылдансын.

2. Асханадағы тыйым салынған тағамдардың сатылмауын қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары **Жанагүл Дәуенқызы Жұманбайға** жүктелсін.

Лицей директор



 **Н.Аманов**